

Тексерілді:

«Айгөлек» шағын орталығының әдіскері

А.Адилова

Балалар өмірін ұйымдастыру және тәрбиелеуді жоспарлау циклограммасы
«Балдырған» ортаңғы топ Қаңтар айы (1-апта)

Өтпелі тақырып: «Техника және біз»

Тақырыпша: «Көліктер»

Апта күні: 03.01-07.01.2022ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мақсаты: балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру Міндеттері: - өзі, отбасы мүшелері, сүйікті ойыншықтары туралы сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру; - балалардың отбасы құндылықтары деген сүйіспеншілігін ояту, - отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болу сияқты қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу.				
Ата-аналармен әңгімелесу	Жалпы топ тазалығы, гүлдерді суару, құмды қопсыту, балалардың тазалықтарына көңіл аудару				
Ойындар (үстел үсті саусақ және т.б.)	Отбасы жайлы әңгіме	Ү/ү ойын «Пазл» «Пойыз құрастыр»	Отбасы туралы әңгіме	Д/О:«Қоршисін тап»	Д/О «Көп және біреу»
Таңертеңгі гимнастика (5 мин)	Таңғы жаттығу Маман жоспарына байланысты				
Таңғы ас	Мәдени-гигиеналық дағдылары мен білімдерін орындау және бекіту. Ойын жаттығуы: «Жуынсаң сен әрдайым, таза бетің, маңдайың...				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	«Ойыншықты тап» Мақсаты: белгілері бойынша жасырылған ойыншықты табу	«Қызықты лото» Мақсаты: Логикалық ойлау қабілетін дамыту	«Түрлі-түсті шарлар» Мақсаты: үстел үстіне 5 жасыл шардан қатарға тізіп қояды да балаларға осынша сары шарды қоюды ұсынады..	Ү/ү ойын «Пазл» «Үйді құрастыр»	«Өз орнында тап» Мақсаты: жерге үшбұрыш сызылып, оны 6-ға бөліп сызу .

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ</p>	<p>1.Музыка Тақырыбы: «Мамам гүлдің бағбаны» әні Тыңдау: «Гүлдерайым» Ән айту: «Мама гүлдің бағбаны» Ойын: «Гүл құрастыру»</p> <p>2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің сүйікті мысығым» (тәжірибе бойынша әңгіме құрау)</p> <p>3 Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: Көліктер</p>	<p>1.Көркем әдебиет Тақырыбы: Л.Н. Толстойдың «Үш аю» ертегісі</p> <p>2.Мүсіндеу Тақырыбы: «Мысық» (заттық с/с)</p>	<p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз үлкен болып өсеміз»</p> <p>2. Математика негіздері Тақырыбы: «Биік-аласа. Сол жақ-оң жақ»</p>	<p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз үлкен болып өсеміз»</p> <p>2.Музыка Тақырыбы: «Мамам гүлдің бағбаны» әні</p> <p>Сурет салу Тақырыбы: «Бағдаршам» (заттық с/с)</p>	<p>1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бір, екі, үш, бізбен бірге қайтала!» (таза ауада)</p> <p>2.Жаратылыстану Тақырыбы: «Аңдар қысқа қалай дайындалады?»</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Серуенге қызығушылық тудыру; балалармен жеке сөйлесу; серуен жабдықтарын дайындау; серуендегі балалардың әрекетін ынталандыру Киіну реттілігін сақтау, сап түзеу</p>				
<p>Серуен</p>	<p>Картотека № 1 Бақылау: Қарды бақылау. Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту.Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тонады, жылыға ериді.Ойлау қабілетін дамыту. Тақпақ:Аппақ көше, бар дала, Аппақ ой мен қыраттар. Ақ шатырлы қар</p>	<p>Картотека № 2 Бақылау: Бұршақты бақылау. Мақсаты: Бұршақ, домалақ ақ түсті болатыны туралы түсінік беру. Қимылдық ойын: «Торғайлар» Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Тез шешім қабылдауға</p>	<p>Картотека № 3 Бақылау: Суық торғайды бақылау. Мақсаты: Қыс мезгілінде барлық құстардың жылы жаққа ұшып кететінін, ал суықторғайдың бізде мекендеп қалатынын, ол қандай аяз болса да тоңбайтынын, сол себепті суықторғай деп атағанын түсіндіріп көрсету. Еңбек: Қар күреу.</p>	<p>Картотека № 4 Бақылау: Аязды бақылау. Мақсаты: Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де қолғап мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру. Еңбек: Ауладағы қарды күреу.</p>	<p>Картотека № 5 Бақылау: Көгершінді бақылау. Мақсаты: Балаларға қыстап қалған құстардың бірі –көгершіннің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні, тұмсығы дене пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын үйретіп, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Еңбек:Ауладағы құстарға жем беру. Мақсаты: Қыста құстарға тамақ тауып жеу қиын болатындығын түсіндіре отырып, оларға жем, нанның қиқымын сеуіп, қамқор болуға тәрбиелеу.</p>

	<p>қала, Ақ жамылып тұр бақтар.Ойын: «Қардан түрлі бейнелер жасау». Мақсаты: Ойынға қызығушылығын арттыру Еңбек: Ағаштар түбіне қар үю.Мақсаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру. Жеке жұмыс: «Қыс қызығы»тақырыбында а әңгіме құрату. Мақсаты: Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету.</p>	<p>үйрету. Еңбек: Ағаш түштеріне қар үю. Мақсаты: Үйілген қардың маңызын түсіндіре отырып, еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа үйрету. Жеке жұмыс: Қысқа байланысты жұмбақтар жаттату. Қыста ғана болады Ұстасаң қолың тонады. (Қар). Мақсаты: Тілдік қорын дамыту, ойлау қабілетін арттыру. Балаға грамматикалық дұрыс сөйлеу үлгілерін беру. Әдемі де әсерлі сөйлеуге үйрету.</p>	<p>Мақсаты: Қардың жерге қалың түскенін айтып, қарды күреппен күреу арқылы жол жасап, күректі қалай ұстау керектігін үйрету.Жеке жұмыс: Торғай,торғай,тоқылдақ Жерден дәнді шұқып - ап Бөтекесі бұлтиып, Шик-шик етіп отырмақ. Мақсаты:Балаларға таппақ үйрете отырып тіл байлықтарын молайтып,сөздік қорларын дамыту.Ойын: «Жақсы жаман». Мақсаты:Балаларды жақсы мен жаман ажырата білуге,жаман нәрселерден аулақ болуға,жақсыдан үлгі алуға тәрбиелеу.</p>	<p>Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету. Қимылдық ойын: «Сырғанақ тебу». Мақсаты: Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету. Жеке жұмыс: Жұмбақ. Терезеге қонады, Әсем ою ояды.(Аяз). Мақсаты: Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.</p>	<p>Жеке жұмыс: Жылы жаққа ұшпайтын Біздің жақта қыстайтын Құстар жүрсе жуықта, Жем шашуды ұмытпа! Мақсаты: Балаларға таппақ жаттата отырып, естесактау қабілеттерін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезінуге мүмкіндік туғызу.Қимылдық ойын: «Аққала жасау». Мақсаты: Балаларға қардың жабысқақтығын,қарды домалақтау әдісін көрсете түсіндіру.</p>
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті .				

Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Ұйқыға жақтқызу.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Аудио ертегілер тыңдау.	Керуеттегі жаттығулар Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Ұйқымызды ашайық	Керует жанындағы жаттығулар «Күннің оянуы» «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде. Ақырын тұрады. Биік, биік, биікке - Балалар тұрып, қолдарын жоғары қарай көтереді.	Керует жанындағы жаттығулар - Аяқ бірге, қолды алға созу, жоғары көтеру, жанға созу. - Қол белде, оңға, солға иілу .	Шынықтыру шарасы. «Денсаулық» жолымен жүру. Арнайы жолдармен, Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз.
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс				
Ойындар, дербес әрекет	Ойын «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау); Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу: «Қыс»(сурет қарастыру) Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	«Сурет бойынша жинастыр» Мақсаты: қол маторикасын жетілдіру.	Сюжеттік ойыншықтармен ойындар, ертегі оқып беру; үстел үсті театры.	Д/о: «Көршісін тап» Мақсаты: балалардың сандар жайлы білімдерін тиянақтау.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Балалармен апта күндерін рет-ретімен атап, есте сақтай білуге үйрету.	Балалармен жұмбақ жасыру. М: Ойлау қабілеттерін арттыру.	Балалардың тілдерін дамыту мақсатында сөз ұйқас жаттау.	Балалармен кеңістікті бағдарлау М: Өзіне жақын кеңістікті бағдарлай білуге үйрету	Балалармен 10 көлемінде тура және кері санау М: есептік санау қабілеттерін арттыру

Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға баулу
Серуеннен оралу	Серуендеуге қызығушылық тудыру. Әр түрлі бағытта жеке жұмыс жүргізу. Балалардың қалауы бойынша әртүрлі ойындарды ұйымдастыру
Балалардың үйге қайтуы	Таңертең бақшаға кешікпей келуді тапсыру. Балалардың тәртіптері туралы әңгімелесу